«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан оқушылар арасындағы Қарағанды облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының 2-ші кезеңіндегі қатысушыларға арналған сұрақтар мен олардың жауабы

<u>7-сынып оқушыларына арналған сұрақтар</u>

Қазақ әдебиеті пәні бойынша сұрақтар және олардың жауабы:

1. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не? Халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.

2. Сөз өнері дегеніміз не? Әдебиет.

3. Ерте кезде туған және күрделі оқиғаға құрылған жырдың түрін не деп атаймыз? Лиро-эпостық жырлар деп атаймыз.

4. Лиро-эпостық жырлар тағы қандай атаулармен аталады? Ғашықтық жырлар, тұрмыс-салт жырлары деп те аталады.

5. «Эпос» сөзі қандай мағына береді? Баяндау дегенді білдіретін көркем әдебиеттің негізгі жанрларының бірі.

6. Лиро-эпостық жырлар қандай элементтерді қамтиды? Лирика мен эпосқа тән элементтерді қамтиды.

7. Лиро-эпостық жырларының батырлар жырынан айырмашылығы не? Батырлар жырының басты тақырыбы ел қорғау болса, лиро-эпостық жырлардың мазмұны халықтың тұрмыс-тіршілігіне, үйлену салтына, әдет-ғұрпына байланысты туады.

8. Қазақ халқы лиро-эпостық жырларының інжу-маржандарын атаңыз. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан» жырлары жатады.

9. Лиро-эпостық жырлардың көпнұсқалы болып келу себебі неде? Лиро-эпостық жырлар ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып, көптеген өзгерістерге ұшырау арқылы жеткендіктен көпнұсқалылыққа жол берілген.

10. Портрет дегеніміз не? Бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу, яки суреттеп жазуды портрет дейміз. Сондай-ақ, бейнелеу адамның сыртқы тұрпатын сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашып, шынайылықпен бейнелейді.

11. Теңеу дегеніміз не? Заттың, құбылыстың сыр-сипатын, белгі-бедерін, қадір-қасиетін, сапа-сынын өзге затпен, не құбылыспен салыстыра суреттеу арқылы танытып, айырықша мән-мағына беру.

12. Риторикалық сұрақ дегеніміз не? Ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту.

13. Риторикалық сұрақ жауапты қажет етете ме? Қажет етпейді.

14. Ежелгі дәуір әдебиеті қай ғасырларды қамтиды? VI-XV ғасырларды қамтиды.

15. Ежелгі дәуір әдебиеті қанша кезеңге бөлінеді? Үш кезеңге бөлінеді.

16. Ежелгі дәуір әдебиетінің бірінші кезеңі қай ғасырларға тиесілі және не деп аталады? Ол көне түркі әдебиеті деп аталады және VI-IX ғасырларға тиесілі.

17. Ежелгі дәуір әдебиетінің екінші кезеңі қай ғасырларға тиесілі және не деп аталады? Ислам дәуіріндегі немесе Қараханидтер дәуірі әдебиеті деп аталады және X-XII ғасырларға тиесілі.

18. Ежелгі дәуір әдебиетінің үшінші кезеңі қай ғасырларға тиесілі және не деп аталады? Хорезм дәуірі немесе Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет деп аталады және XIII-XV ғасырларға тиесілі.

19. Көне түркі әдебиетіне қандай шығармалар жатады? Көне түркі әдеби ескерткіштеріне Орхон жазба ескерткіштері – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк туралы құлпытастарға қашап жазылған жырлар, сондай-ақ, «Оғыз-нама» дастаны, «Қорқыт ата кітабы», әл-Фарабидің әдебиет саласындағы еңбектері кіреді.

20. Қараханидтер дәуірі әдебиетіне қанда шығармалар кіреді? Жүсіп Баласағұнның «Құдадғу білік» («Құтты білік») атты дидактикалық дастаны, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі»), Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты өлеңдер жинағы, Ахмет Йүгінекидің «Хибатул-хақайық» («Ақиқат сыйы») жыр жинағы кіреді.

21. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттерді ата. «Кодекс Куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі»), Хорезмидің «Мухаббат-наме», Дүрбектің «Жүсіп - Зылиха», Сараидің «Гүлстан бит-түркі», Құтыптың «Құсырау-Шырын» дастандары, Дулатидің «Тарихи Рашиди», Жалаиридің «Жамиғ ат-тауарих», Бабырдың «бабыр-наме» шығармалары жатады.

22. Композиция дегеніміз не? Әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкенді-кішілі бөлімдерінің бір-бірімен әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтас бірлігі.

23. Анофора деген не? Анофора – қайталаудың бір түрі, өлеңнің әр жолының үнемі бір сөзден басталып отыруы. Мысалы:

Қазақ осы – дала дейтін. Күн дейтін,
Қазақ осы – өнер алды тіл дейтін. (Қадыр Мырза Әлі).

24. Ассонанс деген не? Ассонанс – бірыңғай дауысты дыбыстардың үйлесіп қайталанып келуі. Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет).

25. Аллитерация деген не? Дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы:

Бақыт деген – сенің бала күндерің,
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.
Бақытын да, басқасын да білмеуің,
Бақытсыз-ақ ойнағаның, күлгенің. (М.Мақатаев).

26. Жыраудың ең үздік шығармасы не? Толғау.

27. Жыршы деген кім? Жаттап жыр айтушы, ел ішіне таратушы. Жыршы жырау сияқты өз жанынан жыр шығармайды, бірақ эпикалық дастандар мен толғауларды белгілі бір әуенге салып, айлап жырлайтын халық поэзиясының ірі өкілі.

28. Жыраулық дәстүр деген не? Атадан балаға жалғасып, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен ұлттық асыл қазына.

29. Терме деген не? Қазақ халық поэзиясы мен музыка өнеріндегі ғибраттық мәні бар лирикалық өлең.

30. Дидактикалық терме деген не? Тәлім-тәрбиелік, ұстаздық өнеге айту дәстүрі басым өлең.

31. Қазтуған Сүйінішұлы кім? Жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі, артында сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған жырау.

32. Қазтуғанның қандай шығармаларын білесіз? «Алан да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір», «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» сияқты толғаулары бар.

33. Қазтуғанның халық қойған аты кім? Қарға бойлы Қазтуған.

34. Символ деген не? Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, ойды астарлап, тұспалмен түсіндіру, басқа бір нәрсенің бейнесінде суреттеу. Ақын-жазушы жасаған сөз образы тура өз мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылса, символдық образ немесе символ деп аталады.

35. Жиембет жырау кім? Әскербасы, қазақ тарихындағы ел бастаған көсем деңгейіне көтерілген елеулі тұлғалардың бірі, еңсегей бойлы Есім ханның ұлы жорықтарында асқан ерлік көрсеткен ер тұлға.

36. Жиембет жырау қай кезеңдерде өмір сүрген? Шамамен XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында өмір сүрген.

37. Жиембет жыраудың қандай шығармаларын білесіз? «Еңсегей бойлы ер Есім», «Аламан» толғаулары бар.

38. Жиембет жыраудың шығармаларын зерттеген ғалымдарды атаңыз.

Ғ. Әбетов, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Сыдықов, С. Қасқабасов, М. Мағауин, С. Дәуітовтер жыраудың еңбектеріне ғылыми көзқарастарын білдірді.

39. Шортанбай Қанайұлы кім? Ел арасында ақындығымен, шешендігімен танылған ол төкпе ақын.

40. Төкпе ақын деген кім? Тоқтаусыз төгілтіп әкететін суырыпсалма ақынды «төкпе ақын» деп атайды.

41. Шортанбай шығармаларының тақырыбы не? Заман, қоғам, халық тұрмысы, ел өмірі, талауға түскен жер, қоныс мәселесі, отаршылар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы, сатқын ел билеушілердің әділетсіздігі, қиянаты жайлы.

42. Шортанбайдың қандай атақты толғауы бар? «Зарзаман» толғауы бар.

43. Сол дәуірдің өкілдеріне «Зарзаман» ақындары» деген ат қалай қойылды? Шортанбайдың «Зарзаман» толғауы ілгері-соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан,

бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зарзаман» ақындары деген ат қойылды.

44. Сүйінбай Аронұлы кім? Айтыс өнерінің алтын діңгегі атанған от ауыз, орақ тілді айтыс ақыны.

45. Сүйінбай Аронұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген? 1815 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Байтөбе деген жерде дүниеге келген.

46. Сүйінбайдың ең сұрапыл айтысы қайсы? «Сүйінбайдың қырғыз Қатағанмен айтысы» орақ тілді ақынның қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын екенін көрсетеді.

47. Жамбыл Жабаев кім? Қазақ халқының ақындық өнерінің даму тарихында ерекше орын алатын жыр дүлдүлі.

48. Жамбыл қай жылы және қай жерде дүниеге келді? Жамбыл тауының бөктерінде, 1846 жылы дүниеге келген.

49. Жамбылдың «Зілді бұйрық» өлеңінің шығу тарихы қандай? 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 43 жас аралығындағыларды соғысқа алу туралы патша жарлығы қазақ халқына қасірет әкелген еді. Ресей патшасы күшпен қазақтан майданға әскер жинауға кірісті. Мұндай қорлыққа шыдамаған қара халық күйзеліске ұшырады. Осы қиын-қыстау заманда ақын жырға кезек беріп, «Зілді бұйрықты» жазды.

50.Синекдоха дегеніміз не? Бүтіннің орнына бөлшекті, бөлшектің орнына бүтінді, көпшенің орнына жекешені, жекешенің орнына көпшені қолдану. Синекдохада бір ұғымды екінші ұғымға ауыстырғанда: бірі – үлкен, екіншісі – кіші, бірі – жалпы, екіншісі – жалқы, бірі – бүтін, екіншісі – бөлшек болуы қажет. Мысалы:

Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап,
Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ. (Ж. Жабаев, «Зілді бұйрық»).

Сұрақтар мен олардың жауабы негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сынып оқушыларына арналған Қазақ әдебиеті оқулығы («Arman-PV» baspasy, 2025) бойынша әзірленді.

«Бөгенбай бытыр» жыры бойынша әзірленген сұрақтар және олардың жауабы

1. Қалыбек Сарыбайға қандай кеңес айтады? «Түн ішінде аттандап, елді дүрліктірем, сол кезде көк бедеуді ұрлап, мініп кет» дейді.

2. Сарыбай Зейнеп қыздың ордасына келгенде қанша сарбаз қарсы алды? Екі жүз дулат жігіттері қарсы алды.

3. Қыз ордасына енгенде Зейнеп пен оның айналасы қалай суреттеледі? «Ән салған айналасында қалың қыздар, Зейнептің қолында сыбызғысы бар, үйдің іші сән-салтанатқа оранған» деп суреттеледі.

4. Зейнептің пәрменімен Сарыбайға алғаш семер сілтеген кім? Бекежан.

5. Жоянның ұлы Қасқабайды кім өлтірді. Садақ тартып, Сарыбай өлтірді.

6. Үлкен ұлы Қасқабайдың өлімін естірткенде Аналық не деді? «Қарғап ем, тілегім болған екен. Атакемнің аруағы аман қоймас» дейді.

7. Аналық ақылдаса келген Сарыбай мен Қалыбекке не кеңес береді? «Кенжетайдың сөзінсіз іс қылмаңдар, Кенжетаймен ақылдасып, әбден ойласыңдар» деп, Бөгенбайға жұмсайды.

8. Аналықтың «Кенжетай» деп отырғаны кім? Бөгенбай батыр.

9. Қанжығалы елінің ұраны не? Маянбай.

10. Сарыбай мен Қалыбек хабар айта келгенде Бөгенбай батыр ауылы қай жерде отыр еді? Сары шоқыда.

11. Сарыбай мен Қалыбек Бөгенбай батырға нені жеткізді? Жырыла көшкен жұрттың қайда екенін және Қасқабайдың қазасын жеткізді.

12. Құлжабектің қылығын естігендегі Бөгенбайдың шешімі не болды? «Дулаттың бір шығын тері қысқан екен, Төренің осы күнін көп қылайын!» деп, атқа қонуға әмір етті.

13. Бөгенбай Сарыбайды қалай бейнелеп айтқан? «Сағым жетпес Сарыбай» деген.

14. Құлжабек төренің ордасына қарсы қанжығалыдан қанша қол аттанды? Төрт мың қол аттанды.

15. Майданға аттанбас бұрын не жасады? Маянбайдың бейтіне үй қондырып, аруаққа сиынып, он бес күн сол жерде әскер жиды.

16. Құлжабек төреге қандай айып тағылды? «Елдің арасына іріткі салды – бір, Қасқабайдың өлімі екінші жара. Төренің бұл қылығы бітпейтін кек» деп, шамырқанды.

17. Бексұлтан ердің мінген атының аты не? Аққекіл.

18. Маянның сәтті күні қай күн? Дүйсенбі.

19. Қолды майданға аттандырарда Бөгенбай қандай әрекет істеп, елге қарата не айтты? Маянбайдың ақ туын жерге қадап, Маянбайлап ұран шақырды сосын қалың нөпірдің алдында «Әкекем, әруағыңнан белгі көрсет! Бұл күнде балаң ғаріптік кешіп тұр!» деп, рухынан медет сұрады.

20. Құрбандыққа неше жылқы сойылды? Төрт ақбоз ат шалынды.

21. Бөгенбайдың батасымен Құлжабек төреге қарсы қанша жігіт қол бастады? Сегіз.

22. Сарыбайдың бұл нешінші майданы еді? Алғашқы.

23. Шетқурай тауының баурайы не деп аталады? Қарабастау деп аталады.

24. Маянбайдың зиратынан Шетқурайға дейін қол неше күн жүрді? Сегіз күн.

25. Қарабастауда қол неше күн жатты? Жеті күн.

26. Аналық Құлжабек төреге не деп назаланды? «Төренің қызымды берем деп ұлымды алдап апарып, оқ атып, қылыш шапқаны лайық па? Ұлым өлді, бітпейтін құным бар!» деді күйініп.

27. Шетқурайдың биігінен өздерін іздеп келген қолды көрген Зейнеп қандай амалға барды? Дулатты жиып алып, Сарыбайдың қылышынан өлген Бекежанның інісі Бекбауды жанына тартып, әскер жасақтауды тапсырды.

28. Бекбау не деп сөз байлады? Зейнеп қызды алмаққа сөз байлады.

29. Майдан даласынан бұқпантайлай қашқан кім? Зейнеп.

30. Майдан даласынан қашқан Зейнепті қуып барып ұстаған кім? Сарыбай.

31. Сарыбай тұтқыны Зейнепке «табаныңды тіліп, әкеңді бай жасаймын» деді, неге олай айтты? Жауабы: Бұның алдында Зейнеп қыз Сарыбайды қынамендіге шақырғанда «сорлы кедей неғып келдің, саған тигенше әкем байым болсын» деген сөз айтқан. Соған батырдың ызалана айтқан жауабы. Яғни, ерегескенде қатындыққа алам дегені.

32. Сарыбайдың осы майданға мініп шыққан атының аты не? Нарқызыл.

33. Бексұлтан батырдың шылауына оралып, жалына сөйлеп тұрған күндікті әйел кім? Құлжабек төренің бәйбішесі.

34. Құлжабек төренің бәйбішесі Бексұлтанға не деді? «Бір қыздың қыздырмалы тіліне бола, Бөгеннің өз елін өзі шапқаны несі?!» деп, жаймалай сөйледі.

35. Жауды жеңіп, Қасқабайды «бауырымдап» жоқтап, үйіне түскенде шешесі Аналық туыстарына не деп айтты? Жоқтайтын ерлеріңді жерің қайда, мына жыластарың не? Көксуға қонып алсақ келісер еді, ер жоқтаудың жайы сондай жағдайда. Тоқтаңдар, жылауды қойыңдар, қарақтарым! Жасақты жауға қамдаңдар» деді.

36. Есімбек пен Құлжабек төрелер қолға түсе ме? Қолға түспей, қашып кетеді.

37. Есімбек пен Құлжабек төрелердің соңында қанша қызы қалды? Сегіз қызы.

38. Сарыбай Зейнептің бұрымын неге кесіп алды? Ерегеспен, айтқан сөзім жерде қалмасын деп кесіп алды.

39. Есімбек пен Құлжабек төрелерді жеңгенен соң, елге бет түзеген көшті кім бастады? Аналық ана.

40. Зейнеп қыздың салған лаңынан өрбіген соғыста қанша адам қазаға ұшырады? Бес жүз жетпіс кісі өлді.

41. Қанжығалылар мен Қасқабайға еріп барып төрелер жағында соғысқан дулаттардың шайқасы қай жерде болды? Қурайшыңның қасында болды.

42. Зейнепті көште қалай алып жүрді? Жаяу ілестіріп алып жүрді.

43. Жырда «Тастүлек балапандай арттан жеткен» деген сөз бар, осындағы «тастүлек» деген не? Үш жасар бүркітті «тастүлек» деп атаған.

44. Жырдағы «Жеті кенже» дегендер кімдер? Сарыбай, Бексұлтан, Тұманбек, Жұманбек, Айдарқан, Сәдірбек, Тыныбектер «жеті кенже» атанған.

45. Жырда «Иірді жесек салып жылқы малды» деген жол бар, сондағы «жесек» сөзінің мағынасы не? Төңіректі шола жүріп, барлай жүріп, жылқыны жиыстырды деген мағына береді.

46. Зейнеп көштің соңында азып-тозып келе жатып, Бексұлтанға кезігіп қалып не айтты? «Ей, Бексұлтан! Қанша елден таңдап жүріп, ақысын беріп

қыз алсаң да мендей лайық жарды таппайсың! Мына Сарыбайдың жолсыз қылған қорлығынан құтқар, көңілімде мұңым бар. Не десең де көндім» дейді.

47. Зейнептің сөзінен кейінгі Бексұлтанның әрекеті қалай болды? Сарыбайға жүгіріп барып, «Бір қызбен мұнша ұстасып неге керек, атын беріп, киімін кигіз» деді.

48. Сарыбай мен Бексұлтанның арасындағы кикілжіңге не себеп болды? Көш соңына жаяу ілескен Зейнептің Бексұлтанға «Мал беріп таңдап, қыз алсаң да мендей лайық жарды таппассың. Мені Сарыбайдың қорлығынан құтқар, бар айтқаныңа көнемін» деген сөзі болды.

49. Ағайындар сөзге келіп, Бексұлтанның төбесіне қамшы үйіріледі. Сол кезде Аналық келіп не дейді? Түбіне бар Егіздің бір қыз жетті ғой дейді.

50. Егіз деген кім? Бөгенбайдың әкесі Маянның атасы. Қанжығалылардың бабалары.

Сұрақтар мен олардың жауабы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынған «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы бойынша әзірленді.

Ескерту: Байқаудың II-кезеңіне қатысушыларға арналған сұрақтар жалпы білім беретін мектепке арналған бағдарламаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді.

Байқау барысында төменгі сыныптың сауалдары жоғарғы сыныптарға қойылуы мүмкін, ал жоғарғы сыныпқа арналған сауалдар төменгі сынып оқушыларына қойылмайды.